



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Аудан тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 15 маусым сағат 10:00-де Жартытөбе ауылдық клубында



өтеді.

Жартытөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:30-да болады. Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 15 маусым сағат 15:00-де Құмкент мәдениет үйінде өтеді.

Құмкент ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:30-да болады.

Шолақорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 16 маусым сағат 10:00-де Шолақорған әкімшілігінің ғимаратында өтеді.

Шолақорған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:30-да өтеді.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 16 маусым сағат 15:00-де Таукент спорт кешенінде өтеді.

Таукент кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

## Вейпке тыйым салынуы мүмкін

Қазіргі таңда елімізде вейп өнімдері жастардың ағзасын улап, қоғам назарын аударып отырғаны белгілі. Осыған байланысты Мәжілістің бір топ депутаты Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа депутаттық сауал жол-



даған еді.

Премьер-министр осы сұраққа жауап беріп, вейп мәселесіне қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап берді. Депутаттар сауалына берілген жауапта қазіргі таңда Үкімет вейп-өнімдерді таратуға шектеулерді күшейту мәселесін қарастырып жатқаны айтылған.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Президенттің атына көңіл айту жеделхаттары келіп түсіп жатыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты шет мемлекеттердің басшыларынан, халықаралық құрылымдардың өкілдерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түсіп жатыр.

Ресей Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына Қазақстанның шығыс аймағындағы алапат орман өртіне байланысты өзінің қолдауын және жылы лебізін білдірді. «Табиғат апатының ауыр салдары еңсеріліп, зардап шеккен аумақтар қалыпты өмірге оралатынына сенімдімін», деп жазылған Ресей Президентінің жеделхатында.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев алапат орман өрті салдарынан адамдардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізген.

«Осындай қайғылы сәтте Сізге және бауырлас әрі достас Қазақстан халқына көңіл айтамын. Қаза тапқандардың туыстары мен жақындарының қайғыларына ортақ екенімді жеткізуіңізді сұраймын. Бұл төтенше жағдай жақын арада толығымен еңсерілетініне сенімдімін», делінген Өзбекстан Президентінің жеделхатында.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа орман өрті салдарынан адамдар-

дың қаза табуына байланысты қайғырып көңіл айтты.

«Орны толмас қайғыға ортақта-са отырып, қаза тапқан қазақстандықтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын», деп жазылған Қырғызстан Президентінің жеделхатында.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Үкімет пен достас Қазақстан халқының күш-жігерімен өрттің жақын арада ауыздықталатынына сенім білдірді.

«Абай облысындағы ауқымды өрт салдарынан адамдардың қаза тапқаны жөніндегі қайғылы хабарды терең күйзеліспен қабыл алды. Барша бауырлас Қазақстан халқына, қаза тапқан азаматтардың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз», деп жазды Тәжікстан Президенті.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов адам шығынына әкеп соқтырған Абай облысындағы алапат орман өртіне байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевқа көңіл айтты.

«Түрікменстан халқы мен Үкіметі атынан және өз атымнан қаза тапқан азаматтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын, сондай-ақ зардап шеккен аумақтың тезірек қалпына келуіне тілектестік білдіремін», делінген Сердар Бердімұхамедовтің жеделхатында.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Абай облысындағы алапат орман өрті салдарынан адамдардың қаза тапқаны және ауыр

шығынға әкеп соқтырғаны туралы хабарды ауыр күйзеліспен қабылдағанын жазды.

«Осы қайғылы жағдайға байланысты өзімнің және әзербайжан халқының атынан қаза тапқандардың отбасына және жақындарына, бүкіл Қазақстан халқына көңіл айтамын. Сондай-ақ табиғат апаты болған аумақтың тезірек қалпына келуіне тілектестік білдіремін», делінген Ильхам Әлиевтің жеделхатында.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоган Түркия халқының атынан және өз атынан қаза тапқандардың отбасы мен туыстарына қайғырып көңіл айтты.

«Осы қайғылы сәтте қаза тапқандардың отбасы мен туыстарына көңіл айтамын. Түрік халқының атынан және өз атымнан зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін», деп жазылған Түркия Республикасы Президентінің жеделхатында.

Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф Қазақстандағы орман өрті салдарынан 14 адамның қаза табуына байланысты көңіл айтты.

«Пәкістан Үкіметі мен халқының атынан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа және қаза тапқан азаматтардың отбасына қайғырып көңіл айтамын. Зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуі үшін дұға етемін», деп жазды Шахбаз Шариф.

Көңіл айту жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр.

## Абай облысындағы өртті сөндіруге 120-дан астам ерікті атсалысып жүр

Еріктілер күн сайын өрт сөндірушілерге барынша қолдау беріп, азық-түлік, жеке гигиена заттарын әкеліп жатыр, сондай-ақ түнгі уақытта тамақтану пункттерінде кезекшілікте көмектерін көрсетіп жүр.

Озерки ауылдық округінде еріктілер дала асханасын ұйым-

дастырды, онда өрт сөндіруге қатысушыларды 3 рет ыстық тамақпен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ Озерки ауылының мектебінде еріктілер демалыс орындарын дайындады.

Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының өңірлік мүшелері 2 100 000 теңге қаражат

жинады. Қазіргі уақытта 1 000 000 теңгеге бірінші қажеттіліктегі заттар мен азық-түлік сатып алынды.

Барлығы 5 тонна азық-түлік, оның ішінде су, сұйық май, ыстық тамақ, жеміс-жидек, сүт өнімдері жеткізілді.





## Табиғат-біздің туған анамыз

Туған жердің табиғатын артық байлық болмас. Ал оның қадірі мен қасиетін сол ауылдар мен елді мекендерде тұрып, тіршілік ететін тұрғындардан, жұмыс жасайтын жұмыскерлер мен мекемелерден артық ешкім білмес. Әрине өз елімізде қоршаған ортаны қорғау бүкіл мемлекеттік міндет, ал жеке азаматтар үшін азаматтық міндет болып табылады. Табиғатты қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі заңдардың талаптарына сәйкес салаларды дамытудың жоспарларын, жаңа объектілерді жобалауды, салуды жоспарлағанда табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру барлық кәсіпорындар мен ұйымдарға міндеттелген.

Табиғат экологиялық процестерде байланыстырушы бұны болып табылады, сондықтан аса сақтық жасап, қандайда болсын шаруашылық шешімдерінің зардаптарын көре білу керек.

Ауылдар мен елді мекендерді, өндірістік және тұрғын аудандарды жобалағанда олардың бас жоспарлары мен жобаларында табиғат ортасының барлық элементтерін қорғау мен қалпына келтіру жөніндегі тиісті шаралар міндетті түрде қарастырылуға тиіс.

Табиғаттың шынайы келбетін сақтауды қамтамасыз етуде кез келген орындарда маңызды орын беріледі. Өйткені жете ойластырылмаған жұмыс әдістері орны толмас зардаптарға ұрындырады, Мәселен, ормандардың және жас көшеттердің жойылуына, ортаның өзгеруіне, жерасты және жерүсті суларының режимін, ортаның экологиялық тепе-теңдігін бұзуға әкеліп соғады.

Табиғатты қорғау шараларын инженерлік-геодезиялық іздеулер кезеңінен бастап жүзеге асыра бастау қажет. Көлік жолдарының құрылысы бұрын бар болмаса болашақта жоспарлы түрде салынатын немесе салынып жатқан тұрақты, уақытша жолдарды да іске жаратуды ойластыру керек. Геодезиялық дайындық кезінде орманды немесе дадалы жерлерді орынсыз аршып жол сала беруге, ағаштар, өсімдіктер, сексеуілдер мен бұталы өсімдіктер шығыны болуына жол берілмеуге тиіс. Іздеу жұмыстары жүргізілгенде шөгуге бейім жерлерді шамадан тыс көп суландыруға және көшкіндердің пайда болуына бөгет жасайтын және басқа да қажетті шараларды ойластыру

керек. Іздеу жұмыстары аяқталғанынан кейін шурфтарды және басқа қосымша қазылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі заман табиғатты қорғаудың міндеті болған табиғат ресурстарын тиімді пайдалану сырт ортаны түрлі ластанудан сақтау, табиғи байлықтарды сақтау мемлекетімізде қоршаған ортаны қорғау комитетіне жүктелген.

Табиғат ресурстары адамзаттың жасауы үшін табиғат қойнынан алып пайдаланылатын түрлі заттар. Оларға: топырақ құнарлығы, өсімдіктер түрлері, су, кен, орман, көмір, мұнай, адамзат техникаларға энергия көзі болған түрлі жанатын заттар, жабайы өсімдік және жануарлар, адамзатқа қосымша қоректік болған т.б. кіреді. Солай етіп табиғи ресурстар адамзат қауымының материалдық базасын жарататын бір бүтін дене болып есептеледі. Міне, осы орайда қияндағы Тайқоңыр ауылындағы шөртпе куйдің шебері атанған Төлеген Момбеков атындағы жалпы орта мектебінде айта жүрер айтулы мектеби шара өтті. Шарада «Оңтүстік Инкай» кенішіне қарасты ЮГХК біріккен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қолдауымен мектеп оқушылары арасында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай өткен шараға кеніш директоры Болысбеков Ерлан Елібайлы, өнеркәсіптік қауіпсіздік сектор басшысы Ерғешов Әлішер Әнуарұлы, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік шаралары туралы инженер Омаров Төлеген Жұмақасымұлы, жол қауіпсіздігі инженері Байдүйсен Ілесбек Мақсатұлы ағаларымыз өздерінің ағалық қамқорлықтарын көрсетіп мектеп ішілік шараның өз деңгейінде өтуіне қолғабыстарын білдірді.

Балалар арасында туған жер, табиғат, ауылдың көрікті жерлерін, ауылдың тыныс тіршілігін бейнелеу сияқты түрлі форматта суреттер салудан сайыс өткізілді. Сонымен қатар, қоршаған ортаға қатысы бар мақал-мәтелдер айту, қоршаған ортаға қатысты ойындар ұйымдастырылып қызықты өтті.

Біз мектеп оқушылары, мектеп ұстаздары, ата-аналар, ауыл жұртшылығы аттарынан жоғарыда аты-жөндері аталған ағаларымызға шексіз алғысымызды білдіреміз!

**Жансая ҚАЛИ,**  
**Төлеген Момбеков атындағы жалпы орта мектебінің тәлімгері.**

## “Бәйтерек” кітабының тұсауы кесілді

Түркістан қаласындағы «Фараб» кітапханасында Созақ ауданының ардақты азаматы Оспанов Әбілқайыр Садырұлының өмірдеректеріне арнап жазылған белгілі жазушы Қазақстанның Құрметті журналисі, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет қайраткері Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Өтеш Қырғызбаевтың «Бәйтерек» атты ғұмырнамалық кітабының тұсаукесер шарасы өтті. Фараб кітапханасының үшінші қабатындағы фойеде жүзге жуық адамдар бас қосқан шараны «Құрмет» орденінің иегері, ақтаңгер айттыс ақыны Бекарғыс Шойбеков ашып жүргізіп отырды.

Досыбай Шерімқұлов, Созақ ауданының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков, «Қожаберген жырау» қайырымдылық қорының төрағасы Бекет Тұрғараев, Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы, Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Нұралы Алмаханұлы Абишев, Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының басшысы Аңсар Өсербаев, ауданның бұрынғы әкімі Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Созақбай Әбдіқұлов, облыстық ардагерлер кеңесінің Жарқынбек, еңбек ардагері Шора, Түркістан облыстық кәсіпкер-

ақын Төлеген Кәрібеков жыр-дан шашу шашты, Оспановтың ұл-қыздары атынан Есен Оспанов, көзін көрген замандастары атынан Аманбек Мұсабек, Бекен Ниязбеков, Пардабек Сақтапбергенұлы, ауданның бұрынғы басшысы Аманғали Айтұрзаев және тағы басқа азаматтар өздерінің жүрежарды игі тілектерін білдірді.

«Бәйтерек» кітабы төрт бөлімнен тұрады екен. Бірінші бөлімі «Есеу белестері» деп аталады. Онда Әбілқайыр Садырұлының өнегелі өмірі баяндалған. Екінші бөлімде заманда, әріптестерінің естелік әңгімелері топтастырылса, үшінші бөлімде кейіпкердің қаламынан туған өлеңдер



Алдымен төрден орын алған ледэкранда Оспанов Әбілқайыр Садырұлының өмірдеректеріне арнап әзірленген шағын деректі фильм көрсетілді.

Кітаптың тұсау кесер шарасына кезінде ауданның бірінші хатшысы қызметін атқарған, Әбілқайыр Оспановпен бірге қызметтес болған

лік басқармасын басқарған Роза Төлелбекова, Әбілқайыр Оспановтың ұл-қыздары атынан осы шараны ұйымдастырушы Ербол Садыр қатысып, игі тілектерін білдірді. Тұсау кесер шарасынан кейін «Жеті тандыр» дәмханасында әруақтарға бағыштап құран ас берілді. Ас дастарханында

жарияланған. Төртінші бөлімде кітап кейіпкерінен өрбіген ұрпақ жайлы сыр шертілген.

Рухани кеш шежірелі шерпе күй, шабытты шалқар өлеңдермен өрнектеліп, жиналған қауымға мол рухани әсер сыйлады деп ойлаймын.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

## Жол салған жомарт түлектер

Кейде жолдың әр тұстан тесілген жеріне шағым айтып, кедір-бұдырына көңіл толмайтын күпірлігіміз де жоқ емес. Ондайда ойымызға әлемде жол сапасынан көш бастап тұрған Франция, Германия, Голландия сынды елдер оралады. Алайда, бір нәрсе ескерілмейді: осыншама ұланғайыр далаға жол салу зор ерлік, теңдессіз еңбек. «Жол азабын жүрген білер» дейді дана қазақ. Оны бастап өткізбеген пенде кемдем шығар, бәлкім. Қарақұр ауылында «Қарақұр» жалпы орта мектебін бітіргендеріне 20 жыл толған түлектердің демешілігімен тау бөктеріне қарай жол салынды. Ауылдың бас жағынан, негізгі орталық көшені бойлай Қарақұр тоғанына дейінгі 2,5 шақырым көтерме тас жолын пайдалануға беріліп, ауыл жұршылығын қуанышқа бөледі. Бұл жастардың ел игілігіне қосқан игі бастамасы үлгі-өнеге боларлық сауапты іс.

Игі шараға қатысқан аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев, түлектерге алғысын жеткізді. Ауданымызда мектеп бітірген түлектердің қайырымдылық жасап, мұқтаж жандарға көмектесуі, өз ауылының көркейіп-көркітенуіне үлес қосуы дәстүрге айналды. Бұндай игі іс шаралар алдағы жылыда жалғасады деп сенемін,- деді мәсли-



хат төрағасы.

Қарақұр ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Лесбек Момбеков те түлектерге жылы лебізін жеткізсе, ауылдық округ әкімі Ғалым Бимендиев білім ордасының 36-шы түлектеріне қайырымды істері үшін ел атынан алғыстарын айтты.

Дана халқымыз «Жол салған мен көпір тұрғызғанның сауабы мол» деген. Сондықтан, жолда жұмыс істеген түлектерімізбен олардың отбасыларына тек қана жақсылық пен береке тілейміз. Алдымызда келе жатқан «Көлік және байланыс қызметкерлері» күні мерекесіне орай айтулы мерекеге зор сыйлық, татымды тарту болды десек те болады.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**



## Өзекті мәселе

## Сақтана білсең, сау жүресің

Кезекті сұқбатымызды аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Хасен Нәлібайұлы Оспановпен жүргізіп отырмыз. Алдымен бүгінгі күнің өзекті тақырыбы саналатын Конго-Қырым қанды (геморрагиялық) қызбасы ауруынан сақтану жөнінде болады.

**-Хасен Нәлібайұлы, Конго-Қырым қанды (геморрагиялық) қызбасы ауруы жөнінде айтып өтсеңіз?**

-Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ)—бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілерін аудан тұрғындарына айтар болсақ, дене қызуының кенеттен 39-40С-қа дейін көтерілуі, қатты бас ауыруы, көздің қызаруы, бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қызарып, ісінуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен, лоқсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуі арқылы білуге болады.

Ауру одан әрі дамыған жағдайда денеде бөртпелердің пайда болуы; мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері; ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

**-Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады?**

-Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене болып табылады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кенемен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен ауырып



жатқан науқас адамға күтім жасау кезінде науқастың қаны және ағза бөлінділері, сыйықтықтары арқылы және КҚГҚ қоздырғышымен залалданған медициналық құралдармен жанама байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сондай-ақ, ауылшаруашылық жануарлары, жабайы сүтқоректілер де (қояндар, кеміргіштер, кірпілер және т.б.) табиғи резервуар және қоздырғыш көзі болып табылады.

КҚГҚ вирусы ұсақ кеміргіштер, кірпі және қоян сияқты жабайы жануарлар, сонымен қатар ешкі, қой, сиыр және жылқы сияқты үй жануарларымен қоректенетін кенелердің ағзасында болады. Осы жануарлар аймағында тұратын немесе жануарларды өсіру, күтіп-қараумен айналысатын адамдар арасында КҚГҚ-ның қоздырғышын жұқтыру қаупі өте жоғары.

**-Жұқтырып алу мүмкіндігі жағдайлары қалай?**

КҚГҚ қоздырғышы бар кененің шағуы немесе кенемен тікелей жанама болуы арқылы ауруды жұқтыруы мүмкін жағдайлар:

Мал сойғанда немесе бөлшектегенде мал еті, қаны немесе терісін алу арқылы, КҚГҚ ауруымен ау-

ырған адамның қанымен немесе басқа да биологиялық сыйықтықтары арқылы, жұқпаланған кенені езу немесе жаншу арқылы жұғуы мүмкін.

**-Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу қалай болады?**

-Табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру;

- табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда (малды сойғанда және мал төлдеуге қатысқанда), қырым кезінде кенелердің шабуылынан сақтану және кене қанымен жанама болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке қолғап);

- табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті, жақсы қорғалған, резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқаны тексеру үшін өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш

бөлігі, дененің артқы жағы, т.б.), бір-біріңіздің үстериңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет;

- кене шаққанда немесе кенемен жанама болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдалану керек.

Кене шаққан немесе кенемен жанама болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуы қажет.

**-Кенені алу тәсілі туралы да түсіндіріп өтсеңіз?**

-Күнделікті киіміңіз бен денеңізді кенеге мұқият тексеріңіз.

Егер сіз өзіңіздің денеңізде кенені байқасаңыз, оны дереу алып тастаңыз. Денеге бекінген кене ағзадан неғұрлым тез алынса, ол тарататын қоздырғыш дозасы соғұрлым аз болады. Кенені денеден алудың тізбекті тәсілі-Кенені ешқашан жалаң қолмен алып тастамаңыз! Кенелерді денеден алу кезінде міндетті түрде қолғап киіңіз. Кәдімгі пинцетпен кенені теріңізге мүмкіндігінше жақын ұстаңыз. Пинцеттерді аздап қысып (кенені езіп жібермес үшін), ақырын және абайлап тартыңыз (тербелтпестен, жұлқымастан). Алынған кенені контейнерге салып, оны қақпақпен мықтап жабыңыз. Денедегі кене алынған орынды спиртпен сүртіңіз. Кенеге вирустың бар-жоғын облыстық Ұлттық сараптама орталығында анықтауға болады.

**-Өте өзекті саналатын кене шағу немесе қырым қанды қызбасы туралы сауалдарға нақты, әрі түсінікті жауаптарыңыз үшін рахмет! Деніміз сау, отбасымыз аман болсын!**

-Сізге де рахмет!

Сұқбаттасқан **Мақсат ҚАРФАБАЙ.**

ЖОБА

**«Аппақ» ЖШС-не қысқа мерзімді уақытша пайдалану құқығымен жер учаскесін резервке қалдыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 17, 49-2, 112 баптарына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 31 бабына, «Аппақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Д.К.Абилмолдаевтың 30.05.2023 жылғы № 01-07-63 санды хатына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.«Аппақ» ЖШС-не Созақ ауданы Қарақұр ауылдық округіне қарасты – уран өндіру үшін жалпы көлемі 739 гектар жер учаскесін қысқа мерзімді уақытша пайдалану құқығымен 31.12.2024 жылға дейін жалға резервке қалдырылсын.

2. Аудандық жер қатынастары бөліміне (Б.Әбенұлы) осы қаулының қабылдауына орай, қолданыстағы заңнамаға сай тиісті жұмыстар жүргізу тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалдыға жүктелсін.

Аудан әкімі **М.С.Тұрысбеков**

ЖОБА

**Түсіндірмелік жазба**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 17, 49-2, бабына сай Резервке қойылған жер құрамынан жер учаскелері резервке қойылған мақсаттарда жер учаскелерін игеру басталғанға дейінгі мерзімге жердің аймақтарға бөлінуіне сәйкес жердің қандай да бір санатқа тиесілігіне және рұқсатпен пайдаланылуына сүйене отырып, уақытша объектілерді орналастыру немесе құрылыспен байланысты емес мақсаттар үшін уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін сонымен қатар, Созақ ауданы Қарақұр ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы көлемі 739 гектар жер учаскесін уранды барлау үшін уақытша 31.12.2024 жылға дейін уақытша резервке қалдыру мақсатында «Аппақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Д.К.Абилмолдаевтың 30.05.2023 жылғы № 01-07-63 санды хаты жолданды.

Сондай-ақ аталған кодекстің 112 бабында көзделген тәртіппен аталған мақсаттарға берілетін жер учаскелерінің мөлшері белгіленген тәртіппен бекітілген нормаларға немесе жобалау-техникалық құжаттамаларға сәйкес айқындалады, ал жер учаскелерін бөліп беру оларды игеру кезектілігі ескеріле отырып жүргізіледі.

Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы **Б.Әбенұлы.**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Murager білім беру гранттарының әлеуметтік бағдарламасын іске асырудың басталғаны туралы хабарлайды. Бағдарлама компания қатысатын аймақтардағы талапкерлерді, колледж түлектерін және бастауыш курс студенттерін қолдауға бағытталған.

«Ауыл жастары үшін қолжетімді



**Қазатомөнеркәсіп “Murager” білім беру гранттары бағдарламасын іске қосады**

жоғары білім үнемі біздің назарымызда. Атом холдингі өңірлердің дамуына және жергілікті халықтың сапалы білім алуына, сондай-ақ техникалық мамандықтарды танымал етуге өз үлесін қосуды жоспарлап отыр. Елдің болашағы – білімді жастар! Мектеп түлектері мен оқу орындарының 1-3 курс студенттерін Қазатомөнеркәсіптің білім беру гранттарын алу үшін конкурстық іріктеуге қатысуға шақырамыз», - деді Қазатомөнеркәсіптің HR және цифрландыру жөніндегі бас директоры Әлібек Алдоңғаров.

Үстіміздегі жылы компания уран өндірісі және өндіру, геологиялық барлау, ядролық-отын циклі,

ғылыми қызмет, энергетика, экология және қоршаған ортаны қорғау (HSE) сияқты бағыттар бойынша Қазақстанның техникалық университеттері мен колледждерінде 1 жыл оқу құнын жабатын 50 білім беру грантын бөледі. Оқуы үздік болған жағдайда қатысушылар Murager бағдарламасы бойынша келесі оқу жылында да оқуын жалғастыруға мүмкіндік алады. Бірінші жылы фокус Қызылорда, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарына бағытталады, алдағы уақытта қатысушылардың географиясын кеңейту жоспарлануда.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**



# БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Созақ ауылындағы Созақ ауылдық мәдениет сарайында Қарабура әулиенің рухына кезекті ас беру үрдісі қарсаңында «Бабалар рухына тағзым» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияны Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Омбаев Әбдірахман Молданазарұлы ашып жүргізіп отырды. Сонымен қатар, Қарабура әулиенің іргесіне Жиенбет, Абақ батырлардың топырағы салынып, арнайы көк тас қойылуына байланысты Қарабура әулие, Жиенбет және Абақ батырларға қатысты ғалымдардың тың ізденістері мен тарихи өмірдеректеріне қатысты тұжырымды ғылыми жұмыстары ортаға салынды.

«Қазақ халқы және Жапон елінің айну халқының арасындағы тарихи ұқсастық» тақырыбында доктор PhD, жапон ғалымы Ниномия Такаши, «Жиенбет және Абақ батырлардың дипломатиялық сипаты» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаты, доктор PhD, тарих ғылымдарының кандидаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі Жомарт Жеңіс, «Бұланды шайқасы - қазақ халқының ұлы жеңісі» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның профессоры Найманбаев Бекмұрад Рахымбердіұлы, «Қарабура әулие - тарихи тұлға» тақырыбында ғылымдарының докторы, профессор Омбаев Әбдірахман Молданазарұлы, «Ел қорғаған - Ер Есет» тақырыбында техника ғылымдарының докторы, профессор Әбжаппаров Әбдімүталіп Әбдіжаппарұлы, «Жиенбет және Абақ батырлардың халыққа сіңірген еңбегі жайлы» профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сатпаевтанушы ғалым, Жиенбет батыр мұрасын зерттеуші Әмірбеков Асфандияр Әденұлы, «Аллаху Көтерілісі» ондағы тама руының орыны» тақырыбында доктор PhD Рашид Оразов, «Шора батыр жырының тарихи негізі» тақырыбында тарихшы Маханов Нұрғали, «Созақ көтерілісі» тақырыбында жазушы Өтеш Қырғызбаев сынды ғалымдар мен қаламгерлер баяндамалар жасады. Сонымен қатар, ғылыми-тәжірибелік конференцияға актер Асанәлі Әшімов, қоғам қайраткері Шалатай Мырзахметов, Қазақстанға еңбек сіңірген құрылысшы Тұрсынхан Бейсембаев, Үш ата ұрпақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, ел ағасы Дінмұхаммед Әбдірәш, тарихшы Шахзидина Жанәділұлы, кәсіпкерлер Сыздық Борсабаев пен Ербол Садыр мырзалар да қатысып отырды.

Аталмыш конференцияны Түркістан облысының және Созақ ауданының Құрметті азаматы, ел ағасы Сексенбай Тұрысбеков қорытып ынтымағымен ырысы артқан, бірлігімен берекесі молыққан Созақ жұртын ауызбіршілікке шақырып, жұмылған жұдырықтай жақсылықтар мен жаңа бастамаларға ортақтасып жүре берулеріне ізгі тілегін жеткізді.

Төменде бұл конференцияда баяндалған өңіріміздегі, қасиетті жеріміздегі дін, мәдениет, руханият саласына өлшеуіз үлестерін қосқан ғалымдардың еңбектерін жариялап отырмыз. Көзі қарақты оқырмандарымызда татымды рухани азық болары ақиқат.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



**НИНОМИЯ Такаши**  
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
шығыстану факультетінің  
шақырылған профессоры, PhD  
(Цукуба, Жапония)

## Жапонияның Хоккайдо аралының жергілікті халқы айнулардың мәдениеті мен тарихындағы қазақ халқымен ұқсас тұстары

Қазақ халқы мен жапон халқының тарихи, мәдени байланыстары өте тереңде жатыр. Жапонияда қазақ халқымен мәдени тұрғыда жақын этникалық топтардың бірі – айнулар. Сегаваның айтуынша, Айнулар Жаңа заман, яғни XVII-XIX ғасырларда Хоккайдода негізінде тұрып, Оңтүстік Сахалинде және Чисима аралдарында өмір сүрген. Сахалин – оның орысша атауы, ал жапон тілінде бұл арал Карафуто деп аталады. Чисима аралдары – жапонша атауы және қазақша Куриль аралдары деп аталады. «Heritage of Japan» жасаған картаны қарасақ, Айнуудың таралған аймағы Хоккайдо, Оңтүстік Сахалин, Чисима аралдары ғана емес, шамамен XIII-XVI ғасырда Солтүстік Тохoku аймағында өмір сүрген. «Айну бунка гайдо киоохон» бойынша Хоккайдо деген атау 1869 жылы шешілген және оны айну тілінде «Яунмосир», жапондықтар «Эзочи» деп атайды. Хоккайдо ғана емес, Солтүстік Тохoku аймағында Айну тілінен шыққан жер атауы, яғни айну тілінің сөздерінен жасалған жер атау тығыз таралады. Сегаваның айтуынша, айну тілінде «өзен» деген мағынаны білдіретін «nai, rei» деген сөздер Тохoku аймағындағы жер атауларында кездеседі. Айнууды ежелгі жапондық Джомон мәдениетінің мұрагерлері деп Сегава санайды. Джомон деген қыш ыдыстарда көрінетін арқан өрнегі деген мағына. «Айну бунка гайдо киоохон» бойынша Джомон заманында «адамдар шұңқырларда тұрып, аң және балық аулап, раковиналар мен моллюскалар және жаңақтарды жинаған». Сегава Джомон дәуіріндегі әдет-ғұрыптары ретінде тіс жәлу мен татуировканы атады және оларды Айну халқы мұра еткенін атап көрсетті. Сонымен қатар, Айнуларға Зоку-Джомон бунка, яғни Джомоннан кейінгі мәдениет (шамамен б.з.б. XXI - VII ғасырда) және Сатсумон мәдениеті (шамамен VII- XIII ғасырда) әсер етті. «Айну бунка гайдо киоохон» бойынша Сатсумон мәдениетінде қазіргі кезде жақсы белгілі Айну мәдениетіне қатысты көптеген нәсіл қыш құмыралар Қазақстан жерінде жасалған сақ, ғұн дәуіріндегі қыш ыдыстарға өте ұқсас. Джомон сияқты, Сатсумон - қыштан жасалған өрнектермен ерекшеленеді. Сегаваның айтуынша, Айну Джомон кезеңінде Жапонияда болған жабайы қабан фестивалін аю фестиваліне өзгертті. Мұның егжей-тегжейлері төменде Діни сенімдері бөлімінде

түсіндіріледі.

Қазіргі айну музыка аспаптары қазақтың домбыра, қобыз, шаңқобыз, дауылпаз сияқты саз аспаптарына өте ұқсас. Тонкори, Муккуруи, Како және Ионка жатады. Како деген бақсының барабаны екенін, және Качо деген айтудың жолдары да бар екенін айтады. Қазақ пен айну халықтарын жақындастырып тұрған тағы бір мәдениет үлгісі ол – ою-өрнектер. Айну ою өрнектерін әртүрлі тірі материалдардан көруге болады. Әсіресе, қазақтардың негізгі оюы қошқар мүйіз айнуларда да кездеседі. Китахараның айтуынша, Айну әйелдері киім кестелері мен татуировкаларына Айну ою өрнектерін қосады. Кесте мен татуировканы түзу сызықтар мен қисық сызықтарды біріктіріп, дизайнды еркін құрастыра алады деп айтылады. Ал, Айну ер адамдары Айну өрнектерін ыдыс-аяққа, тамақ жасауға керек заттарға, темекі шегуге керек заттарға, тоқыма станоктарына, киімді тігуге керек бұйымдарына, пышаққа, қабірге, тағы басқа заттарға ағаш оюларына салды деп айтты. Мореу, Айуши және Сикті деген Айну үш негізгі ою өрнекті көрсетті, ал Сувабара мен Такацукаса ою өрнекті тізімдеді. Сувабара мен Такацукаса бойынша Мореу ою өрнегі жұмсақ иілу дегенді білдіреді, сонымен қатар екі Мореу бар Урен Мореу және Мореуге тікене бекітілген Айуши Мореу деген өрнек те бар. Сондай-ақ Мореудің ортасы үкінің көзі деген мағынаны көрсетеді және әр киімде әр үйде сол көз қосылды. Айну үшін үкі ауылды қорғау және шайтанға көп қарау деген сиқырлы мағынаға ие сенім деп айтылады. Айуши - тікенекті өрнекті білдіреді, және тікенектен жамандықтан сақтайды, өзін қорғайды, Айну кестелеріне тән қасиет деп айтылады. Ағаштың тікенектеріне жәндіктер кірмеу үшін Айуши қолданылады десеңді. Көп жағдайда Айуши өрнегін үздіксіз киімдерге қояды, және осы өрнек балық торына ұқсайды деген ой болатындықтан, балықты жақсы және қауіпсіз аулау болсын деген ой да болды. Бірақ, Китахара бойынша Айну ою өрнектері зұлымдықты болдырмау деген пікірдің нақты негізі болмауы мүмкін.

Діни сенімдеріне келсек, Сакурайдың пікірінше, Айну халқының діни дүниетанымы – әр түрлі рухтар мен құдайлар о дүниеден адам әлеміне келіп, адамдармен араласады. Жануарларды өлтіріп, соларды Камуи деп аталатын құдайларға тарту етіп, құдайлар әлеміне қайтару рәсімі бар. «Айну бунка гайдо киоохон» бұл рәсімді Иоманте деп атайды және аюдың Иомантесі ерекше керемет болғаны айтылады. Сакурайдың айтуынша, құдайлар әлеміне қайта жіберу идеясы тек жануарларға ғана емес, заттарға да қатысты. Сегава аюды қайтару рәсімін келесідей түсіндірді. Алдымен кішкентай аюды тірідей ұстап, бір уақыт ауылда өсіреді, содан кейін күзден қыл мезгіліне дейін өлтіреді (бұл «құдай әлеміне қайтару» деп

аталады). Аюларға қатысты салт-жоралар солтүстік жарты шардың солтүстік орманды аймақтарында кеңінен таралған және қоңыр аю тұқымдас аюлар мекендейтін жерлерде кең таралған, бірақ өсірілген аюларына қатысты мерекелер Хоккайдо, Сахалин және Амур өзені бас-сейіні деген тек Айнулар мекендеген жерлерде ғана болатын әдет-ғұрып десеңді.

**Айну тілі.** Бугаева Айну мен туысқан тілдердің (cognate language) байланысын түсіндірді. Оның айтуынша, Айну тілі қазіргі таңда жалпы оқшауланған тіл (isolating language) қатарына жатқызылған. Ал, осы уақытқа дейін басқа тілдермен филогенетикалық қатынас туралы әртүрлі теориялар ұсынылды. Үндіеуропалық тілдермен туыстас екендігі туралы теория: Батчелор, Австронезия тілдерімен туыстастығы туралы теория: Гжердман; Алтай тілдер семьясындағы жапон-корей тобына жатады және корей тіліне жақын теория: Патри (1982). Блажектың айтуынша, Стриит (1962) Солтүстік Азия тілдері (North Asiatic) үшін жапон тілін ғана емес, сонымен қатар гипотеза ретінде Айнууды да қосқан. Қарапайым жапондықтардан басқаша Айнулардың жүздері моңғолдар мен еуропалықтарға жақынырақ. Олардың ДНҚ-і, Ж.Сәбитовтың айтуынша қазақ руларының ішінде қоңырат тайпасына жақынырақ. Бұл бір кездері түркі тайпалары мен жапон халқының Солтүстік Қытайда бір-біріне жақын орналасып, мекендегін көрсетеді. Қорыта айтқанда, қазақ халқы мен жапон халқының құрамындағы айну этникалық тобының арасында терең мәдени, тарихи байланыстар бар. Осы баяндамада көрсетілген ортақ мәдени элементтер болашақта жеке-жеке зерттеулерге негіз болуы тиіс. Жапон халқы мен қазақ халқы туыс халықтар. Біздің міндетіміз осы жақындықтың ғылыми негізін дәлелдеу. \* \* \*

**Жомарт ЖЕҢІС,**  
Тарих ғылымының кандидаты,  
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының  
Ежелгі және ортағасырлық  
Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің меңгерушісі, PhD.

## ЖИЕНБЕТ БАТЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақтың басына күн туып, ел шетіне жау тигенде бес қаруын асынып, елі мен жерін қорғау үшін жанын пида еткен ұлттық тарихында өзіндік орыны бар, ерлік істерімен ел есінде қалған батырларымыз баршылық. Солардың бірі қоңырат тайпасынан шыққан, Қаратау өңірінде Абылайханның бас батырларының бірі болған, Қаратаудың жас жолбарысы атанған Жиенбет батыр. Соңғы кездерде жүргізілген ғылыми зерттеулерде «Жиенбет батырдың Қаратаудағы орта жүздің қалың қолын бастап барып, Абылайханға қосылуы тарихи оқиғалармен сәйкес келеді. Сол жақта үлкен шайқаста Қызылтаудағы Шажағай өзені бойында отырған қалмақ ауылдарын қуып шығып, қызылшоқы жанындағы жекпе жекте қалмақ батырын жеңіп, босаған жерге Қаратаудан барған қоңыраттар мен уақтарды қоныстандырады. Арқа жерін жайлап отырған қалың арғынның көзі ашық, көкірегі ояу шежіре қарттары Шажағай бойындағы Айқара-Маймақты бүгінгі күнге дейін қоңыраттар қонысы, сол жердегі көп қорымды қоңыраттар қорымы деп анықтама беріп отыр. Қазіргі күнде аталған қызылшоқы жанында Жиенбет батырдың кесене-күмбезі анадайдан көз тартып мен мұндалап тұр».



Сәтбаевтанушы ғалым, Сәтбаев университетінің ұстазы Аспандияр Әденұлының жазуына «сағана-күмбезді келіп көрген белгілі ғалым этнограф Ақселеу Сейдімбеков бұл қоңыраттың не батыры не биі деп нақты болжам жасаған».

Осы кезге дейін Жиенбет батырдың ғұмыры мен әскери қызметі, ерлік істері жайлы көптеген зерттеулер жүргізілді. Назарларыңызға ұсынып отырған мақаламда бұрын қарастырылған тақырыптардан өзге, Жиенбет батырдың өмір сүрген 18 ғасырдағы қазақ қоғамындағы батырлар институтының дипломатиялық қызметі туралы болмақ. Қазақ қоғамындағы «батырлар институты» өзге де көшпелі қоғамдарындағыдай әскери ұйымның ең маңызды элементі саналады.

Дәстүрлі қазақ мемлекеттілігінің осы бір маңызды атрибуты туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылғанмен, бұл әлеуметтік құбылыстың мәні әлі толық ашылған жоқ.

Көбінесе, ғылыми еңбектерде «батыр» атауына сипаттама берілгенде күш-қуат, батылдық, ерлік сияқты ерекше адами қасиеттерге ие тұлғаның ерлік істеріне баса мән беріледі. «Батыр» атағы кез келген адамға майдан даласындағы жеке ерліктерінің нәтижесінде берілетін құрметті атақ болған деген пікір қалыптасты. Шыныда да, тарихи даму барысында ел мен мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау және ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі әскери істің кәсібилендіруіне әкеліп, қоғамда әскери ғылымды қолөнерге айналдырған «батырлар» деген адамдар тобы пайда болады және әскери сала адам қызметінің беделді саласына айналады. «Батыр» атағына мұрагерлік жолмен емес, жас жауынгердің өзінің алғашқы әскери ерліктерінен көрсеткеннен кейін ғана ие болды. Қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдеби ескерткіштер материалдары көрсеткендей, ерте заманда болашақ батыр алдымен өз отбасы шеңберінде өзінің алғашқы батырлық қадамын жасап, кейін жат жерлік жауларға қарсы әскери ерлігін көрсеткен соң бата алып, батыр атағына ие болды.

Бәрімізге белгілі, ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің дәуірлеген кезеңі сол кездегі қоғамның әскери сипат алуы. Түркі-қазақ қоғамы қай кезде мемлекет іргесін бекітіп, бүкіл қоғам әскери сипат алады, сол кезде сол мемлекеттердің өркендеуі, шекараларының кеңеюі, халықтың әлуақатының өсуі байқалады. Әскери қоғам басым болған ғұндар, көк түріктер, Шыңғысхан империясы, Қазақ хандығындағы Қасым хан мен Абылай хан кезі дәл осы әскери қоғам сипатында болып, батырлар институтының беделі өсті, батырларға би, Елші міндеті қоса тапсырылды. Өкінішке орай, әскери қоғам солғын тартып, мамырақай, бейбіт заман қайта оралғанда мемлекеттің саяси билігінде билер басты орынға шығып, батырларға деген құрмет пен қошемет азаятын. Жиенбет батыр өмір сүрген XVIII ғ. басындағы халықаралық жағдайдың өзгеруі, атап айтқанда қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісуі, Ресейдің Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты отарлық саясатының жандана бастауы, орыс-түрік және түрік-иран соғыстары, Мәуреннахрға қатысты ирандық афшарлар әулетінің саясаты Қазақ хандығының сыртқы саяси дипломатиясына көпвекторлы сипат бере бастады. Бұған қоса, XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығындағы ішкі саяси тұрақтылық шайқалып, әлеуметтік ахуал шиеленіскенде, елдің саяси тұрғыда біртұтастығын жоғалту қаупі арта түсті. Билік пен шұрайлы жайылым үшін күрес, сұлтандардың сепаратизмі Қазақ хандығының XVIII ғасырдың басында сыртқы жаулардың шапқыншылықтарына ұшырауына әкелді. Ш.Ш.Уәлиханов осы кездегі қазақ даласындағы саяси жағдайды былайша сипаттайды: «XVIII ғасырдың бірінші онжылдығы қырғыз (қазақ) халқының өміріндегі ауыр кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары, башқұрттар қазақ ауылдарын шауып, малдарын барымталап, тұтас ауылды тұтқынға айдап кетті». Міне, осы алмағайып кезеңде, Кіші жүз ханы Әбілқайыр (1693-1748) және Орта жүз

ханы Абылай (1711-1781) билігі кезінде Қазақ хандықтарында көпвекторлы сыртқы саяси бағыт басымдылыққа ие бола бастады. XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандарының сыртқы саясатының негізгі мазмұны сол кездегі Қазақ хандығының территориясын әскери және саяси-дипломатиялық жолдар арқылы көрші мемлекеттерден қорғап, сақтау және одан әрі кеңейту, Орталық Азиядағы сауда жолдары мен сауда орталықтарына экономикалық және стратегиялық бақылау орнату, сонымен қатар, жоңғар, қытай және иран басқыншыларына, орыс агрессиясына қарсы аймақтағы мұсылман мемлекеттерімен өзара тиімді одақтар құру болды.

Қазақ хандығының сыртқы саясатында қазақ елінің атынан үлкен абыройға ие болған қазақ халқының дипломаттарына да батыр атағы берілді. Бұған 1715-1776 жылдар аралығында өмір сүрген, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат әрі қазақ халқының батыры Бөріұлы Құлсары батыр туралы мұрағат құжаты дәлел. Ескі славян және татар тілдерін жетік меңгерген ол Ресей империясымен дипломатиялық қатынастарды шебер жүргізді. Қолдағы деректерге қарағанда Жиенбет батыр да қазақ пен қытай арасындағы келіссөзде қазақ өкілдерінің құрамында болғаны айтылады. Сонымен қатар қазаққа тұтқынға түскен қырғыз адамдарының тағдыры шешілген Созақ келіссөзінде Борай би мен Жиенбет батыр басты тұлға ретінде баяндалады. Отаршылдық саясаттың жүйелі бағытына жауынгер дала халқының мемлекеттілігі тозған соң, батырлар әскери институты бірте-бірте өз қызметін тоқтатады. Ғасырлар бойы қалыптасқан бұл иерархиялық әскери жүйе 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» арқылы хан билігі жойылғаннан кейін бір кездері даңқты ата-бабаларының билігінен айырылып, әр түрлі вассалдық болыстар мен старшиналар түрінде жаңа кейіпке ие болды. Дешті-Қыпшақ пен Алтын Орда империяларының және Еуразия кеңістігіндегі түрлі қуатты империялардың сұлтандар мен батырлар әскери институты жүз жыл бойы әлсіреп, бытыраңқы болғаннан кейін отаршылдар өздерінің «ерліктері» туралы және Орталық Азиядағы қанды әскери жорықтар туралы сүйсініп жазады. Осылайша, олар қорғаныстың әлсіздігін және 19 ғасырда жұмыс істемей тұрған батырлар институтын «болмашы құралдармен» қалай басып алып, жойып жібергенін атап көрсетеді.

Қазақ батырлары, оның ішінде батырлар институтының дипломатиялық қызметі туралы деректер ең алдымен, орыс, қытай, араб, парсы тілдерінде кездеседі. XVII-XIX ғ.ғ. осы тілдерде жазылған еңбектердің басым бөлігінде Қазақстан тарихындағы оқиғаларға қатысты мәліметтер эпизодтық сипатта болып келеді. Осыған қарамастан, Қазақстан тарихы туралы басқа дереккөздермен салыстырып, аса маңызды тарихи оқиғалардың хронологиясын тексеру үшін және қолдағы мәліметтерді бекіту үшін пайдалануға болады. Бұл деректер бай материалдарға ие және оларсыз Қазақстан тарихына қатысты зерттеулердің толық болуы мүмкін емес.

Парсы тілін білетін тарихшы ретінде айтарым, XVII-XIX ғ.ғ. батырлар институтының тарихына қатысты мәліметтер бар парсы тілінде жазылған деректердің негізін сол кездегі Ирандағы билік басына бірінен соң бірі келген сефевилер (1501-1722), афшарлар (1736-1750) және қаджарлар әулеттері (1795-1925) билеушілерінің өмірбаяндық сипаттағы жазылған шығармалар құрайды. Бұл шығармалардың дені Ирандағы саяси өмірді, әскери оқиғаларды және үкіметтер мен өлке билеушілері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды және т.б. егжей-тегжейлі қамтиды. Сонымен қатар бұл еңбектерден сол кездегі Қазақ хандығының, қазақ халқының саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты мәліметтерді кездестіруге болады. Осындай дереккөздердің бірі - Ескендір Муншидің (Мұхаммед Казим Мерви) жазған «Алам арай-э Надери» немесе «Надер намә» атты еңбегі. Бұл тарихи еңбекте Нәдір шахтың саяси

іс-әрекеттері хронологиялық тәртіппен баяндалып, кітаптың әр тарауы белгілі бір тарихи оқиғалар арқылы беріледі.

«Алам арай-э Надери» шығармасы үш томнан тұрады. Бірінші томда Нәдірдің таққа отырғанға дейінгі оқиғалары баяндалса, екіншісі томда 1736 жылдан 1743 жылға дейінгі Нәдір шахтың әскери-саяси әрекеттері суреттеледі. Үшінші томда Нәдір билігінің соңғы кезеңдеріндегі оқиғалар мен Иран әскерінің Түркістаннан шегінуінен шахтың өлімі аралығындағы кезең жазылады. XVII ғасырдың ортасындағы Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер осы екінші және үшінші томда кездеседі.

Бұхара ханы Әбілфайызбен соғысу кезінде хан тарапында қазақтардың да соғысқаны туралы жазады. «Осы кезде Сырдария тарапынан Ақболу (Ақбала) қолы, Ходжант, Ташкент, Қоқан, Әндіжан, Наманган әскері және Қашқар шекарасынан юз, мың, найман, қоңырат, кенегес, қият, баят, арманд, шағатай, қазақ, тағы басқалар жүз мың қол болып Реза Құл ханмен соғысқа кірісіп, қайтыс болды» деген мәлімет келтіреді.

Еңбекте Хиуа билеушісі Елбарыс хан мен оның қазақ хандарымен байланысы туралы «Елбарыс ханның туылған жері Хиуаның шығыс бөлігіндегі қазақтар мен қарақалпақтар мекендейтін жер болғандықтан оның әскерінің басым бөлігін де осы тайпалар құрады» деп жазады.

Нәдір шахтың Иран мен Орталық Азияның батыс бөлігінде билік еткен кезеңі «Тарих-и-жихан-гуша-и-Надири» деп те аталатын «Тарих-и-Надири» тарихи еңбегінде көрініс тапты. Еңбекте Нәдір шах дәуіріндегі саяси оқиғалар, әскерлердің жорықтары мен қозғалыстары, қамалдар мен бекіністерге жасалған шабуылдар, үлкен шайқастар мен шағын атты әскер шайқастары туралы әскери есептер жинағы болса керек. Бұл еңбегідегі орталық тұлғалар – шах және оның жеңіске жеткен әскері.

Шығармада қазақ ханы Әбілхайырдың Хиуа тағына қатысты саясаты туралы мәліметтер келтірілген: «Хорезм мемлекетін жаулап алып, оның билеушісі Елбарыс ханды жазалаған соң, Мухаммед Тахир ханды билеуші еткен еді. Арал мен Хорезмнің жауыз халқы Қазақ билеушісі Әбілхайырдың қолауымен оған қарсы шықты». Шығарманың тағы бір жерінде: «1275 жылы Елбарыс хан Аралға жаушы жіберіп, қазақ ханы Әбілхайырдың ұлы Нұралы сұлтандан көмек сұрады. Қазақ билеушісі Әбілхайыр Аралдан өзбек әскерімен келіп, Хиуаны қоршап, Мұсалт қамалын алған соң Тахир хан бірнеше ақсүйектермен қашып кетті. «Әлемді жаулап алушы» (Джахангушо-Нәдір шах) бұл хабарды естіп, Хиуаға қарай жылжыды» деген мәлімет бар.

18 ғасырдағы қазақтың батырлар институты туралы деректерді Ходжамкули-бек Балхидің «Тарих-и Қыпшақхани» (Қыпшақ хан тарихы) атты шығармадан да кездестіруге болады. 18 ғасырда парсы тілінде жазылып, 15-17 ғасырлардағы шығыс Дешті-Қыпшақ пен Мәуреннахр аумағындағы саяси оқиғалар туралы көптеген мәліметтер бар бұл «Тарих-и Қыпшақи» еңбегі тек қолжазба күйінде сақталған. Оның жекелеген үзінділері «15 – 18 ғасырлардағы Қ тарихы туралы материалдар» атты еңбекте жарияланған. «Тарих-и Қыпшақидың» В.Г. Тизенгаузен аударған тараулары жарық көрген жоқ. Ол қазір Шығыс зерттеушілерінің архивінде сақтаулы. Бұлардан өзге, Муийннің «Зікр-и ти'ада-и па-дишахан-и узбек» (Өзбек патшаларының бірнеше естелік), Мұхаммед Салықтың «Та'рих-и джадида-и Ташканд» (Ташкенттің жаңа тарихы) атты деректемелер бар.

Шығыс тілдеріндегі деректермен жұмыс кезінде ескертетін маңызды жайт, Жиенбет батырға қатысты деректерді іздестіргенде ізденуші батыр есімінің қазақша айтылу ерекшелігіне баса назар аудару керек. Егер, батырға қатысты кез-келген мәліметтерді мұқият талдамасақ, ізденудің бастапқы кезеңінде-ақ қателіктерге ұрынып, нәтиже мүлдем басқа бағыт алып кетеді. Мысалы, Жиенбет батырдың есіміндегі бірінші буын «Жиенді» қазақтың «жиен» туыстық атауымен

байланыстырып, басқа балама деректерді іздемей, осы негізде қолдан аңыз жасалып, зерттеушілер сол аңыздың жетегінде кетуі де әбден мүмкін. Қазақ хандығының мемлекеттік ресми діні Алтын Орда кезеңінен бері қарай ислам діні болып әбден орнығып, ислам қазақтармен біте қайнасты. Қазақ тілінде көптеген арабша, парсыша есімдер қазақ тілінің үндестік заңымен өзгеріске ұшырады. Мысалы, арабтың «Ибрахим», «Жахан шах», «Мухаммад», «Джума ад-даул» есімдері қазақ тілінде тиісінше Ыбырай, Жанша, Мухамбет-Мамыт, Жұмаділ болып өзгерген.

Міне, сондықтан да Жиенбет батырдың есімінің алғашқы буыны қазақтың «жиен» сөзі емес, арабтың «джихан», яғни, «әлем» сөзінен шыққан болуы да әбден мүмкін. Яғни, Жиенбеттің бастапқы атауы Жиенбет болып өзгерген «Джиханмад», яғни, «Әлемнің Мұхаммеді» деген есім болуы ғажап емес. Сондықтан да, орыс архивтерінде, қытай, парсы, араб тілдеріндегі деректермен жұмыс жасағанда Жиенбет есіміне ғана емес, сол деректерде кездесетін Джиханмад, Джаханнат атты тарихи тұлғаларға да назар аудару қажет. Жиенбет батырдың бір рудың түп атасы екендігіне байланысты батырға қатысты мәліметтерді талдау кезінде, әсіресе, ауызша шежіре мәліметтерін қарастырғанда өте абай болған дұрыс. Қазақ тайпалары арасында ұшығып кеткен жаулықты ауыздықтау және сапырылысқан рулық, тайпалық құрылымды реттеу үшін Есім хан «Ескі жол» деп аталып кеткен өзегі ескі, қағидасы жаңа дала заңын ендіреді. Бұл заңда Есім хан Алтын Орда заманындағы ру-тайпалардың басын біріктіру үшін Алтын Орда заманындағы тәсілді қолданып, қазақ тарихында екінші рет ру-тайпалардың құрылымын мақсатты түрде сапырылыстырды. Осы жарғыда салт-дәстүр, әдет-ғұрып жоралғыларымен бірге қазақ тайпаларының жаңаша құрылымының сұлбасы айқындалды. Қазақ руларының осылай сапырылыстырылуы салдарынан ру-тайпалардың шежірелік тізбегінде елеулі үзік пайда болғандығы аңғарылады. Яғни, халықты үш жүзге, ру-тайпаларға қайтадан бөлген кезде, бұрынғы сонау сақтар кезеңінен бастап қалыптасқан құрылым өз сабақтастығын сақтап, жалғасқан жоқ. Тек сақтар кезеңінде емес, одан бергі кезеңде де, ғұндар, түркілер, Шыңғыс хан империясында да заман мен саяси жағдайдың талабына орай бұрынғы жүйе бұзылып, қайта жасалды.

Сол замандарда саяси-рухани мақсаттармен шежірелік санаға «жеті атасын білудің қажеттігі» зорлап сінжірілді. Ал, Алтын Орда кезінде ресми идеология болған ислам дінінің сопылық дәстүріндегі білімді діни тұлғалар, яғни, «пір», «атаалар» қолдан жаңадан топтастырылған әр ру-тайпаның рухани жетекшісі болып, сол ру-тайпалардың шежіресінің түп атасы ретінде белгіленіп, сол негізде жаңа шежірелер қайта жасалды. Міне, сондықтан да қоңыраттардағы Нағана бидің, бертінде ғана өмір сүрген Қоңыр бидің, үйсіндердегі Бәйдібек бидің осы тайпалардың түп атасы саналғанмен олардың өмір сүрген кезеңінің хронологиялық-генеологиялық тұрғыда сәйкессіздігі. Нағана да, Қоңыр сопы да, Бәйдібек би де түп ата емес, сол замандағы сопылық дәстүрдің белді діни-саяси тұлғалары, рухани жетекшілері еді. Міне, сол себепті де, шежіре деректеріне ақиқат ретінде қарамай, жазба деректерімен салыстыра отырып қарау керек. Бұл шынайы, ақиқат зерттеулерге негіз болатыны шындық. Қорыта келе айтарымыз, 18 ғасырдағы Қазақ хандығының көрнекті саяси тұлғасы, қолбасшы, Жиенбет батырдың ерлік істерінен өзге, оның дипломатиялық қызметі жайлы тиянақты ғылыми зерттеулер кезек күттірмейтін шаралар болуы тиіс. Ол үшін, тарихшылардың алдында, ең алдымен шығыс тілдерінде жазылған тарихи шығармалардағы деректерді талдап, ондағы мәліметтерді Ұлт бірлігі мен тарихи сабақтастық тұрғысынан зерттеп, отандық ғылыми айналымға түсіру міндеті тұр.



Ауданымыздың 95 жылдығы қарсаңында өңірімізде тұратын көнекөз қариялармен әңгімелесіп, олардың Теріскей елінің қалыптасуына, өркендеуіне қосқан үлестерін жайлы біліп, оны жастарға үлгі ретінде ұсынуды жөн көрген едік. Солардың бірі - Кәрінова Балапан апа. Алматыдан келіп, қызы Гүлбағиланың үйінде шөбересін әлдилеп отырған Батыр анаға арнайы барғанды көптен бері жоспарлап жүр едім. Соның сәті түсті. Барсам, Балапан апа шөбересін ойнатып отыр екен. Мені көріп, қуанып, қонақжай көңілмен қарсы алды. Хал-жағдай сұрасып, сәлемдестім. Сексен беске қарай қадам басқан ардақты Ана жарқын жүзбен, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Немересін сабаққа шығарып салып, шөбересін айналып-толғанып отыр екен.

-Үй-ішің аман ба, балам! Мен де міне шөберемнің қолынан май жалап, көңілім есіп, өткен-кеткенді еске



әлгі заттар көп әкелінетін. Жүз саулыққа 140-150 ден төл берген кездеріміз де болды. Сол еңбегінің арқасында әкем Мәскеу қаласына барып, халықаралық көрмеге қатысты. Көмекші шопан болған соң әкем екеумізді де газет бетінен түсірмейтін. Газеттің бірінші бетінде суретіміз жарқырап тұратын. Мақтаулы шопан әкем үнемі меже биігінен көрінетін. Жыл қорытындысында үйіміз марапатқа толып кететін. Сыйлыққа радио қабылдағыш, магнитофон, телевизор алатын. Кейде мал да, ақша да алатын.

Сол кездерде «Правда» газетінен тілшілер келіп, әкемнен сұхбат алғаны әлі есімде. Суреті газет бетіне шықты. Сол кездердегі республикалық, облыстық, аудандық басылымдардан әкем жайлы мақалалары жиі жарық көретін. Мен кітапқа қатты қызығатынмын. Түнде білте шамның жарығымен әкем хисса, дастандарды

көмекші болып еңбек еттім.

Бір жылдан кейін Құрманбек әскерге кетті. Ол кезде солдаттар үш жыл борышын өтейтін. Атам Тұяқбаев Төкенге көмектестім. Қозының елтірісі сол кезде қымбатқа бағаланатын «қара алтын» дейтін. Қозыларды сойып, өкіметке өткізетін. Жарамдыларын өсіруге қалдыратынбыз. Қырқынды да қырлықтық. Қойды бір аяғымызбен басып тұрып жұмыс жасаймыз. Қатарымның алды болып, 70-80 қойға дейін қырықтым. Малды қыста қыстатуға, жаздай жайлауға бағамыз.

Еңбек ете жүріп, Құрманбек екеуіміз құдайдың берген 11 баласын бағып-қағып, өсірдік.

Құрманбек әскерден келген соң спорт қоғамының басшысы болды. Өмірбеков Есіркептің арқасында селсовкет секретарь болды. Мені хатшы етіп жұмысқа алды. Машина бастым. Мен 17 жыл ол кісі 20 жыл қызмет еттік.

## Бақытқа бөленген Балапан

алып отырмын. Биыл ауданымыздың 95 жылдығы екен, құтты болсын! Мен осы ауданмен бірге жасасып келемін. Жастай еңбекке араластым. Абай елді мекенінде 7 сыныпты бітірген соң, әкеме көмекші шопан болдым. Қой бақтым. Әкем Жүнісбеков Кәрен Абай елді мекенінде шопан болды. Бұрын Алғабас деп аталған. Осы елді мекенде озат шопан болатын. Суреті мен ол кісі жайлы жазылған мақалалар сол кездегі аудандық «Молшылық үшін» газетінен түспейтін. Совхоздың маңдай алды шопаны болған соң біздің үйге жан-жақтан келген қонақтар ат басын жиі шалдыратын. Шаруашылық басшылары әкемді еңбек адамы ретінде қатты құрметтейтін. Жыл сайын бағымындағы қойларды аман сақтап, жүн, елтірі, ет дайындаудан алдына жан салмайтын. Әкемнің қасында жүріп мен де шопандық кәсіпке бейімделе бастадым. Жаз жайлауымыз осы көрікті табиғаты бар Абай ауылының төңірегі болатын. Бұл жер әсіресе көктем айларында ерекше жайнап, құлпырып кетеді. Әсіресе алқызыл қызғалдақтарына көз тоймайды. Көктемгі жауынмен мұнда неше түрлі шөптер бітік өседі. Раң, қоңыр, жусан, бидайық сияқты малдың құнарлы азығы көп шығады. Ерте көктемде-ақ қойлар оңалып, қоңын қалпына келтіреді. Мал баққан соң оның бабын таба білу керек. Уақтылы өріске айдап, шүйгін жерлерге бақса, қой тез семіреді. Мұны мен әкемнің ұзақ жылғы тәжірибесінен түйдім. Жетінші сыныпты Жынысқа атпен барып, келіп оқыдым. Ол жердегі білім ұясы жеті жылдық қана болатын. Бізге мұнда Ауқау деген кісі сабақ берді. Барып-келуде оқудың өзіндік қиындықтары болды. Таңертең ерте үйден шығып, бірнеше шақырым жүріп, Жынысқа жететінбіз. Әсіресе қыстың көзі қырауда Жынысқа барып келу оңай болмайтын. Ересек

кісілер бізді апарып, алып келетін. Әсіресе қысқа қарай қиын. Жолда қасқыр бар. Ол кезде баламыз ғой қатты қорқатынбыз. Үлкен кісілер бізді алып-барып қайтатын. Жынысқа баратын төте жолмен тартамыз. Көлігіміз ат пен есек. Қайтардағы көлігіміз де сол. Ат пен есекті сол жердегі тұрықандарымыздың үйіне алдына шөп салып, байлап кетеміз. Қу есектер босанып

сауатынбыз. Елтірісі «қара алтын» деп аталатын. Ол кезде оның бағасы жоғарытын. Елтірісі алынатын қозыны өзіміз соятынбыз. Жыртпай, теспей әдемілеп терісін сыпыратынбыз. Көктемгі төлдің кезі қой ауыл өте қызықты еді. Таңертеңгісін ерте қозы жинайтын автокөлік келіп тұратын. Біздікінен қозыларды, теріні алып көрші шопандарға қарай кететін. Сақпаншы, көмекші,

оқытатын. Кітап жақсы ғой. Адамның сана-сезімін дамытады. Қиялыңа қанат бітіреді. Сөздік қорыңды молайтады. Елді мекендегі кітапхананың кітаптарын тауысып оқып, Шолаққорғаннан кітап алдыратынмын. Манағы тілшілер Мәскеуге алып кетіп қызыңды оқытайық деді. Бірақ оған әкем көнбеді. Шешем қызды оқытпаймын деп жылап-еңіреп отырып алды. Он сегіз жасқа қалай кел-

Қырқыншы жылғымын. Сексен үшке толып, сексен рәхате шығамын. Ұл-қыздың рахатын көріп, орталарында отырмын.

Туған жердің жақсы болғанын, экономикасы өскенін аналық пейілмен тілеймін. Киелі, қасиетті Қаратауда өскен соң бұл жер мен үшін үлкен қасиетті мекен болып саналады.

Ептеп өлең жазатыным бар. Бір кітап шығардым. Мына «Туған жер» деген өлеңімді тыңдап көр.

Туған жер сенің төбеңде,  
Ата-бабам кеңескен.  
Ұрпағым мың жасап,  
Елдермен бірге теңескен.

### «Молшылық үшін» 70 жыл

Өмір деген өтпелі-ай,  
Отызыншы жылдардан,  
Осы күнге жеткені-ай.  
Ауданымың айнасы,  
Айналым сенің тұлғандан.

Өмірімнің зейнетке шыққанға дейінгі кезеңдері еңбекпен өтті. Адал жасаған жұмысымның жемісін жедім. Балаларымды өсірдім. Оларды үйлі-жайлы еттім. Ұл-қыздарымның біразы Алматыда тұрады. Туған жерге сағынсам келіп, мауқымды басамын. Бұл жерде менің жастық шағым, бойжеткен кездерім өтті. Маған өскен ел әрқашанда ыстық. Сол туған жерге деген ыстық ықыластан талай өлең туы. Оларды кітап етіп бастардым.

Біздің өңір қасиетті де, киелі мекен ғой. Әрбір тасына дейін тарихтан сыр шертеді. Оны жырламау мүмкін емес.

Ауданға 95 жыл болса, менің жасым 85-те. Теріскейдің бүкіл тарихын білемін десем артық айтқандық болмас. Оның бәрін айтсам бір кітап болары анық,-деп Балапан өткен күндерінен сыр шертті.

Балаларының бақытын бөленіп отырған Балапан апаға ұзақ ғұмыр жасай беріңіз деп тілек айтып, қоштастық.

Сайлаубектің  
Сәрсенбегі.



кетіп, жаяу қайтқан күндеріміз де болды. Жол азығымызды дорбаға салып аламыз. Айран, сүт, нан, етті жолда жейміз. Сол күндер еске түссе қатты сағынамын. Балалық бал дәуренге ешнәрсе жетпейді ғой. Қазір сол кезде бірге оқыған сыныптастарымыз көбі о дүниелік болып кетті. Оларды еске алсам көзіме жас келеді. қайран жастық шақ-ай! «Қатарлары болмаса, қариялар болар тез ғаріп» демекші қазір қатарымыз сиреп қалды. Жыныс пен екі ортада өткен оқушылық күндерім жиі еске түседі. Жас келген сайын өткен шаққа көп оралады екенсің. Әкемнің аялы алақанында жүріп бойжеттім. Бірден еңбекке араластым. Қойларды көгендеп қойып,

уәкілдер киіз үйде бірге тұратынбыз. Әкем түнімен ұйықтамай төлдеген қойларды реттеп жүретін. Кейде тұсақ қойлар қозысын алмай қығылықты салатын. Мұндайда әкем оларды теліп, ана-бала жасайтын. Бұл сол 1957-1958 жылдар болатын. Сол кезде шопандарды автолавка жиі аралайтын. Сонымен бірге автоклубтар да жиі қой ауылға ат басын бұратын. Кино қойып, концерт беретін. Олар келгенде біздерге үлкен мереке. Бір ырығп қаламыз. Шопандарға барлық жағдай жасалатын. Неше түрлі сырт киімдер, костюм-шалбар, көйлек, аяқ киімнің шетелдік түрлерін шопандарға әкеп беретін. Үнді шай да шопандарға берілетін. Шопандардың алды болған соң ба біздікіне

генімді білмей қалдым. Бойжетіп, жан-жағыма қарап жүрген кезде Отарбаев Құрманбек деген жігітті ұнатып қалдым. Ал енді оқуға жібермесендер тұрмысқа шығамын деп әлгі Құрманбектің етегінен ұстап, екеуіміз отау құрдық. Жақсы жігіт екенін бұрыннан зерттеп жүретінмін. Расында солай болып шықты. Екеуіміз жарасымды жұп болдық.

Құрманбекпен жұбайлық өмірім жалғасып жатты. Ол Шолаққорған селолық советтің секретары болып қызмет атқарды. Біздің кезімізде Тастанов Үббі озат шопан еді. Әкеммен қатар қой бақты. Менің әкем де озат шопан болатын. Сол кездегі «Молшылық үшін» газетінен түспейтін. Әкеме



## Жемқорлық-қоғамның жегі құрты

Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағым. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**А.АМАНБЕКОВА,**

**Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.**

## Қоғам дертімен бірге күресейік!

Бүгінгі таңда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бағытындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар үздіксіз жүргізіліп келеді. Әлем өркениеті қарыштап даму барысында жемқорлық қылмысы да түрленіп қанат жаюда. Мемлекеттің дамуын тежейтін осы қылмыстың жолын қалай кеспек керек? Түп тамырымен жоюға мүмкіндік барма? Осы мәселені түбегейлі шешу жолында әлем елдері барлық мүмкіндіктерді қастыруда. Өз мүддесін қоғам мүддесінен жоғары қоятындар сыбайластық іс-әрекеттерін жүзеге асырып, мемлекеттің дамуын тежеуде. Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес тоқтаусыз жүргізіле береді. Алайда, азаматтардың осы әрекеттерден бойын аулақ салуы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды. Осы бағытта сыбайластық қылмыстары үшін жазалар қатаңдатылып, заңнамалар жетілдірілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлкітік (мүлкітік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу заңмен жазаланады.

Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық әрекеттерін айыптап, мемлекеттік функцияларды мемлекеттің дамуы, халықтың әлауқатының артуы үшін мүлкітсіз орындау қажет.

**Біржан АЛШЫНБЕКОВ,**

**Созақ аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.**

## Шапағатың шуақ болып төгілген

Тұла бойынан адами асыл қасиеттердің бәрі табылған, жүрген жерін берекеге толтырып, отырған орнын қуанышқа кенелтіп жүретін, үлкенге де, кішіге де ізеті мен құрметін, сыйын аямайтын аяулы, асыл, қадірлі **Дәуренбекова Күлайша Отаубайқызы** анамыздың өмірден озғанына қырық жеті күннің жүзі болды.

**Шапағатың шуақ болып төгілген,**

**Мейірімің сезілетін өңіңнен.**

**Ұл-қызының рахатын көре алмай,**

**Бұлттай көшіп кетсе бардың көгімнен.**

**Төр басында отырушы ең жарасып,**

**Ағайынға жүруші едің қарасып.**

**Мәңгілікке кетсе бардың, амал не?**

**Жаратқанның бұйрығымен санасып.**

**Сәуле құйған өзің едің санаға.**

**Бақыт шамын жағып өттің балаға,**

**Жайтқан жерің жайлы болсын жан ана,**

**Ұрпақтарың әрқашанда дұғада!**-дей отырып, Дәуренбекова Күлайша Отаубайқызы анамыздың 14- маусым күні қонақасы, 15-маусым күні сағат 12:00-де жеті күндік құранына шақырамыз. Ас Шолаққорған ауылы, Шаймерден Бекжанұлы көшесі, 6 үй-өз шаңырағында өтеді.

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, Дәуренбековтер отбасы.**



## Бәйге! Бәйге! Бәйге!

# ҚҰЛЫНШАҚ КЕМЕЛҰЛЫНЫҢ АТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

### Құрметті ауданның шығармашылық өкілдері!

Қазақ халқының біртуар ұлы, ақын, жырау, жыр сүлейі Құлыншақ Кемелұлының атындағы шығармашылық бірлестігінің құрылғанына 30 жыл толуына орай аудан көлеміндегі шығармашылық өнерін жанына серік еткен барша қалам ұстаған қаламгерлер мен жаңадан талаптанып келе жатқан жас буындар арасында шығармашылық бәйге жариялап отырмыз. Бұл бәйгеде ақындардың жасы 16 жас-тан жоғары болуы керек. Өздерін қалам ұстаған шығармашылық өкілі ретінде ақын Құлыншақ Кемелұлына бір арнау өлең және Созақ ауданында ғұмыр кешіп шығармашылықпен айна-

лысқан ақын-жазушылардың, сазгерлердің рухына арнап бір өлең арналуы тиіс. Ол азаматтар қатарында Берғазының Өскені, Жеңіс Қарғабаев, Сағынтай Байділдаев, Қазыбек Мыңжанов, Ескермес Жақсымбетов, Әділбек Нысанбаев, Қыдырәлі Ахметов сияқты шығармашылық өкілдері атынан номинациялар белгіленеді.

Сонымен қатар, Бас жүлде, I-орын, II-орын, III-орын иелері «Құлыншақ Кемелұлы атындағы сыйлықтың иегері» деген төсбелгімен және арнайы сыйлықтармен марапатталады. Байқау 2023 жылдың тамызы айының ішінде өтеді. Оған дейін байқауға қатысушыларға кең уақыт беріп отырмыз. Әбден сараптап, пісіріп, жаттап, дайын күйінде келу-

леріне мүмкіндік бар. Бұрын жарияланған өлеңдер қабылданбайды. Әрине, байқауда сахна мәдениеті, оның ішінде жүріс-тұрысы, киімі, сөз саптауы, өз шығармасын мәнерлеп оқулары ескерілетін болады.

Шығармалар тамыз айының 10 жұлдызына дейін кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, түскен шығармаларды бірлестік жанынан құрылған әділ қазылар алқасы сараптап саралайды.

**Құлыншақ Кемелұлының атындағы шығармашылық бірлестігі.**

**Байланыс телефондары: 8-701-284-85-22, 8-702-782-25-69**

**Sozak\_kargabay@mail.ru**

## Даланы, орманды өрттен сақтайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін.

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 45-50 С ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінен әсерінен, кішкентай балалардың сірліккемекпен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сондықтан да 2023 жылы болуы мүмкін дала және орман-тоғай өрттерінің алдын алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;

- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;

- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

- Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

**Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,**  
**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.**

**Б.АЛИЕВ,**

**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

## Йод тапшылығының алдын алу

Йод – ағзада өндірілмейтін микроэлемент. Оның негізгі көзі – су. Ересек адамдар үшін йод қабылдаудың нормасы тәулігіне 150-ден 200 микрограмм болуы тиіс. Ал, жүкті және бала емізетін әйелдер үшін көрсеткіш 200-300 мкг-ге дейін көтеріледі. Тағамдардың арасында йод мөлшері мейлінше жоғары өнім деп - теңіз балықтары мен теңіз өнімдерін (800-1000мкг/кг) айтуға болады. Әсіресе, теңіз балдырлары. Халық арасында танымалы – теңіз қырыққабаты (ламинария). Сондай-ақ, йод балық майында да көп. Одан кейінгі сатыда – сүт, жұмыртқа, ет және бидай өнімдері тұр. Йод тапшылығын қазірде қарапайым тұзды бұл өніммен байыту арқылы жоюдамыз. Йодталған тұз нанға, су мен өзге де өнімдерге қосылады. Сөйтіп, әр адам күнделікті ағзаға қажет мөлшерді алуда. Адам күн сайын йодталған тұзды тағам арқылы пайдалана отырып, ағзаға қажет микроэлементтің тәуліктік сұранысын қанағаттандырады. Әлемдік тәжірибе тамаққа йодталған тұзды пайдалану – йод тапшылығының алдын алудың ең қарапайым, қолжетімді, тиімді әдісі екендігін айтады. Өйткені, тұз – тағамға арнайы өңделмей қосылатын жалғыз минерал болып табылады. Калий йодаты көп уақытқа сақтау кезінде де, тағамды термиялық өңдеу кезінде де өз күшін жоймайды. Және өнімдердің түсі мен дәмі де оған еш әсері жоқ. Шындап келгенде, йодпен қаныққан тұз – дәрі емес. Ол қарапайым тағам, нақтырақ айтсақ, профилактикалық өнім. Йод тапшылығының бірнеше белгілері бар: ұмытшақтық, зейіннің және реакцияның нашарлауы, ұзаққа созылған депрессиялық жағдай, өмірлік тонустың төмендеуі, ұйқышылдық және ағзаның жалпы әлсіздігі, иммунитеттің әлсіреуі және соның салдарынан инфекцияларға, суық тию ауруларына ерекше бейімділік және созылмалы аурулардың дамуы.

Ісінулер де йод жетіспеушілігінің бірі болып саналады. Яғни көз айналасындағы ісінуге де, басқалардың бәріне де қатысты: қол, аяқ және т.б. Бұл ретте, ісінулерден арылу үшін несеп айдайтын препараттарды қабылдауы жай-күйді ұшықтырады, оларға тәуелділіктің қалыптасуы ықтималдығын бірнеше рет арттырады.

**Х.ОСПАНОВ,**  
**Созақ аудандық СЭББ басшысы.**



## Ата жұртпен қауышу



**Жұмахан  
Элмаханұлы  
1956 жылы  
Түркістан  
қаласында ту-  
ылған. Ақын.  
Мамандығы  
тарихшы.  
Бүгінде зей-  
неткер ТашГү-  
дің түлегі. Эке-  
сі Элмахан  
Дүйсенбіұлы**

**Созақ ауданы Раң ата ауылы-  
ның тумасы екен. Ұлы Отан  
соғысына қатысқан.**

**Армия генералы Баграмянның  
адьюданы болған, білімді кісі  
еді. Жүмекең өзін Теріскей ту-  
масындай сезінеді. Ауылға жиі  
келіп тұрады. Жақында редак-  
циямызға келіп осы төмендегі  
екі өлеңін тастап кетті.**

## Ата жұртпен қауышу

*Ертіп алып баламды, немөремді,  
Қуанып атажұртқа келдім енді.  
Балаларым көрсін деп, -киеліні  
Төбіреніп, толғанып көрдім елді.*

*Атажұртым әдемі, тау бөктері,  
Ыстық болып көрінді тас-мүктері.  
Таудан аққан сарқырап Күркіреуік,  
Төбіреніп, шабытыма жыр жүктеді.*

*Сағынышым ақ қағазға түзіледі,  
Көзден ыстық моншақтар үзіледі.  
Осындай қуанышты сыйға тартқан,  
Ағатайым Айдарбектің тілегі еді.*

*Көкпар тартқан қатардан еш қалыспай,  
Айбынды еді, жүректі, ер Жанысбай.  
Ат баптаған, таң асырып, жараулы,  
Аталарым Дәулетбай мен Шыңғысбай.*

*Көпшілікке бас болып, Тілеулі атам,  
Елі үшін жасады батыл қадам.  
Тау сағыздан желім мен каучук өніп,  
Ел мұқтажын өтеді туыс- жаран.*

*Көрдім міне, атын жазған белгітауды,  
Биігінде жазылып атым қалды.  
Атажұртта куә болып тұрсын,-дедім,  
Менде бір ұрпағымын – Сопы шалдың.*

## Күркүреуік

*Күркүреуік келте сайдың табанында,  
Ертеден ел жайлаған жағалауда.  
Бірлесіп егін еккен аталарым,  
Отырған, тату- тәтті сол арада.*

*Жанысбай мен Жұман ата иелері,  
Игілікке жарады диірмені.  
Қалайша ағын суды өрге ағызған,  
Таң қалдырып келеді жиі мені.*

*Оқусыз қалай білген бабаларым,  
Өндіріп істеген ғой қолға алғанын.  
Саялы, әлі де бар, еккен талы,  
Дәулетбай мен Тілеулі аталардың.*

*Аттылы көрінбейтін жүгеріден,  
Еңбекпен, күн көшкендер ілгеріден.  
Бірлесіп, қиындықты жеңе білген,  
Сол бірлікті талап өтер мына бізден.*

*Мекенін тастап кетті аманатқа,  
Қадірлейік қалдырмай жаман атқа.  
Киелі атақоныс елі барда,  
Өсе берсін ұрпағы саламатты.*

**Жұмахан ЭЛМАХАНҰЛЫ.**

Туған жердің тылсым табиғаты ерекше. Онда әлі біз білмейтін небір тарихтың құпиялары жатыр. Өлкеміздің тархына үңілсеңіз ашылғанынан ашылмағаны мол. Осыдан бір жылдай уақыт бұрын Қарабұлақ ауылының көзі қарақты, көңілі мен көкірегі ояу азаматы, өнегелі әулеттің өрелі ұлы Дәулетғали Жүзбаев ағамызбен аз-кем әңгімелескен едік. Сонда арамызда ауылдың аумағында жатқан киелі жерлер туралы әңгіме қозғалып қалды. Сол жолы Дәукең тарихтың бір құпиясын ашқандай болды.

-Мақсат інім, Қаратаудың құпия ашылмаған сырлары уақыт өткен сайын ашыла бермек. Соның дәлелі, біздің ауылдағы үлкен Көкбұлақ өзенінің бойынан табылған балбал тастар. Оны өткен жолы жазушы ағамыз Тәшенов Тереғали аудандық музейге өз



## Қарлығаш Әулие

қолымен табыстап кетті. Ол жөнінде тарихшылар зерттей берер. Тағы да бір елеусіз жатқан Қарлығаш төбе деген киелі жер бар. Ол да Көкбұлақ өзенінің бойында. Аңызға айналған ауызша шежіреде былай дейді. Қаратауға қалмақтар бірден басып кіргенде, бірігіп әскер жиіп үлгермеген ауылдар, жеке-жеке қарсы шығамыз деп үлкен шығынға ұшырайды. Қазіргі Қарабұлақ ауылында сол ұрыста үш батыр мерт болған, олар, Асау батыр, Бала батыр, Қарлығаш батыр деген батырлар мерт болған. Үшеуі де үш төбенің жерленген. Содан бері сол төбелер сол батырлардың атымен аталады. Бұл оқиға 1723-те болған. Қарлығаштың ауылын қалмақтар түгел қырып тастайды. Бірең сараң адамдары тауға кіріп жасырынып аман қалады. Қолға түскен Қарлығаш қызды қалмақтың қолбасшысы өзіне әйел етіп алмақшы болады. Сонда

Қарлығаш Қалмақ батырына қоя тұр, мен мына қаусаған еліммен қоштасып алайын деп биік төбенің басына шығып құбылаға қарап ұзақ тұрады. Қарлығаштың ұзақ тұрғанына шыдамаған Қалмақ батыры атпенен жанына шауып барып өңгеріп әкетпекші болғанда Қалмақ батырын аттан аударып түсіріп, қылышын тартып алып қалмақтың басын шауып түсіреді. Оны көріп шулаған қалмақ әскері Қарлығашқа қарай тұра ұмтылады. Сонда Қарлығаш "Еліммен қоштастым, енді қалмақтарға қор болмаймын" деп өзіне қанжарын ұрып мерт болады. Қалмақтар бассыз батырын өздерімен алып жайларына кетеді. Тауда тығылып аман қалғандары Қарлығашты сол төбенің басына жерлейді. Біздің бабаларымыз 1771 жылдан бастап осы қазіргі Қарабұлақ, Көкбұлақтың бойын мекендеп келеміз. Қарлығаш әулиенің тағы да бір қасиеті аталарымыз Жылысбай, Әнет,

Баймұрат жайлаудан құмға қыстаққа көшерінде осы Қарлығаш әулиенің маңына отар-отар малдарын бір түнетіп алып, қыстиауға айдайтын болған. Сонда Қарлығаш әулиенің қасиеті, келер жылға дейін малдарын итқұстан, аурудан аман сақтаған. Қоңыршұнақ Әлдекей атадан тараған Ақтан батырдан бастап көп деген аталарымыздың сүйегі сол жерде жерленген. Басында ғасырлардың куәсі болған алып қара ағаш әлі күнге дейін құрамай жайқалып өсіп тұр. Осы киелі жерлерді ауданымыздың өзің сияқты өлкетанушы қаламгерлері ескерсе екен деймін,-деп сырлы әңгімесін Дәулетғали ағамыз әңгімелеп берген еді. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші сіздерге де Дәулетғали ағамыз сияқты құйма құлақ азаматтармен қашанда кездесіп, әңгімелесу бұйырсын.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## Спорт-сенің жан серігің

Жуырда аудандық орталық ауруханасында «Спорт – сенің жан серігің» атты спорттық іс-шара өтті. Шараның мақсаты балалар арасын-



да салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың денсаулығын нығайту, ептілікке, жылдамдыққа, жауапкершілікке үйрету және дене шынықтыруға деген қызығушылығын эстафеталық ойындар арқылы дамыту болып табылады.

Спорттық шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар үлкен қызығушылықпен аталған шараға ат салысты. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Б.ЖАНДӘУЛЕТОВ.**

## БЖЗҚ

## Сұраңыз, жауап береміз

**-Әкем қайтыс болғаннан кейін мен жалғыз мұрагер ретінде оның зейнетақы жинақтарына үміткермін. БЖЗҚ-ға оның шотындағы сома туралы сұрау салуым керек пе, әлде нотариусқа жүгінуім керек пе?**

«БЖЗҚ» АҚ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес, салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы шотының бар екендігі, ондағы қаражаттың қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтаманызаң бойынша мұрагерлікке құқық туралы куәлікке сәйкес немесе есиетте көрсетілген мұрагерлерге жазбаша сұраныс бергенде, не соттарға олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша хайғарым негізінде, сондай-ақ, нотариустар мен шетелдік консулдық мекемелерге олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша бере алады.

Өзара іс-қимылды оңтайландыру және уақытты үнемдеу, сондай-ақ, «Е-нотариат» бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесінің көмегімен артық қағаз құжат айналымын болдырмау үшін нотариустардың өздері БЖЗҚ-ға қайтыс болған салымшылардың (алушылардың) Қорда жеке зейнетақы шотының бар-жоқтығы, ондағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы жазбаша сұраныс жібермей-ақ, онлайн режимінде сұрау сала алады.

Сәйкесінше, нотариусқа барып, әкеңіздің зейнетақы жинақтары түріндегі мұрасын ресімдеу кезінде сізге әкеңіздің зейнетақы шотындағы қаржы сомасы туралы БЖЗҚ-ға сұраныс жасау қажеттілігі жоқ.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан  
Бақытжанович**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс  
телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3600 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.